



ХҒТАР 17.71.9

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2026-154-1-258-272>

Ғылыми мақала

Қазақ және түрік халықтарындағы жеті ұғымының дәстүрлік сипаты

Б.Б. Ертаева 

А. Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz)

Аңдатпа. Әр халықтың өзінің қасиетті сандары бар. Жеті саны қазақ және түрік халқының дәстүрі және мәдениетімен біте қайнасып келеді. Қазақ халқы да, түрік халқы да жеті санын қасиетті ұғым ретінде санайды және оны күнделікті тіршілігі мен дәстүрінде қолданады. Бұл санға деген сенім жақында пайда бола қойған жоқ. Ежелден әр санның құпия мағыналары бар деп есептелді. Соның негізінде кейбір сандар адамға сәттілік әкеледі, ал кейбіреулері сәтсіздіктер әкеледі деп сенді. Бұған сәйкес жеті санына байланысты қазақ және түрік ғалымдарының да зерттеулері баршылық. Аталмыш ғалымдардың еңбектері негізге алына отырып, екі халыққа тән ерекшеліктер қарастырылады. Аталмыш мақалада қазақ және түрік халқының жеті санын дәстүрі мен мәдениетінде, фольклорында қолданылуы тұрғысынан салыстырылып қарастырылған. Екі ұлттың да салт-дәстүрінде жеті санының кездесуі кездейсоқтық емес, мәдениеті мен дәстүрі, фольклорлық кейіпкерлерінің ұқсастығында жатқандығы айтылады. Сондай-ақ, қазақ және түрік халықтарының дәстүр, мәдениет, фольклорындағы жеті ұғымының ұқсастықтары, ерекшеліктері, тәлім-тәрбиелік маңызы айтылып, талданып, салыстырылады. Мақалада жеті ұғымының халықтық тыйым, наным-сенім, адамды, баланы сыртқы күш иелерінен қорғаудан туған ұғым екендігі кеңінен баяндалады. Бұл зерттеу жұмысында жеті санына қатысты қазақ және түрік ғалымдардың осыған дейінгі еңбектері негізге алынып, екі халықтың да ертегі аңыздарындағы, мәдениетіндегі, салт-дәстүрі мен дүниетанымындағы ерекшеліктері қарастырылған. Мақаланың ерекшелігі жеті санының қазақ және түрік халқының ұлттық дәстүрі мен мәдениетінде, екі халықтың жөн-жоралғыларында, адамзат баласының жарық дүниеге келуі мен ақыретке кетуіне орай жасалатын көптеген салттар мен ырымдарда, мифтік фольклорда көрініс тапқандығы болып табылады. Дәстүр мен мәдениет, фольклор қай уақытта да рухани құндылығымыз болып табылатыны

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.02.2026; Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

анық, сондықтан да, түбі бір Түркі дүниесі үшін қазақ және түрік халықтарындағы ортақ байланыстар, дәстүрдегі, фольклор мен мәдениетіндегі байланысы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Түйін сөздер: жеті, дәстүр, тәрбие, наным-сенім, әдет-ғұрып, фольклор, мәдениет, тыйым, бала, ұлт.

Кіріспе

Әр халықтың өзінің қасиетті саналатын сандары бар. Сол сандардың бірі – үш, бес, жеті, тоғыз, қырық сандары болып саналады. Сандардың жаратылуы туралы ғалымдар түрліше пікірлер айтады. Сандық ұғымдар туралы түріктердің алғашқы жазба ескерткіші саналатын Орхон жазбаларында кездеседі. Ілтеріш Қағанның: «Әкем Қаған он жеті адаммен қарсы шықты. Ілтеріш қарсы шығып жатыр деп хабар алған қала тұрғындары тау басына шығып, тау басындағы адамдар қалаға түсіп, жиналып, топтасып жетпіс адам болды... ақырында барлығы жеті жүз адам болды» (Текін, 2014: 27) – деген деректері бұған дәлел бола алады. Ал, сандардың атасы атанған Пифагор: «Дүние сандардың құдіретінің арқасында жаратылды» (Меленко, 2012: 70-77) деп тұжырымдайды. Д.Рысқұлбек (2020) және әріптестері, Түріктерде сан мағыналары екі түрлі мақсатта пайда болғандығын айтады: Біріншісі – дүниені бейнелеу. Бұл тану осы адамдардың табиғат құбылыстарынан қорқуына байланысты қалыптасты деп есептейді. Екінші болса мифологиялық ойлау, яғни адамдардың өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде қабылдау екендігі айтылады (Riskulbek vd., 2020: 144).

Қазақ және түрік халықтарында белгілі бір сандарды киелі санайды. Соның бірі – жеті саны. Кие – халықтық ұғымдағы жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет болып табылады. Дәстүрлі наным-сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марал, аққу), жер-суды (киелі, орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз), адамның кәсібі мен есімдерін киелі деп санап, оларға сиыну үрдістері болған. Халық дүниетанымында киелі заттарды құрметтеу береке-бірлікті арттырып, береке, құт әкеледі десе, керісінше жағдайда киесі ұрады деп есептеледі. Сондықтан киелі саналатын адамдарға тіл тигізбейді, жан-жануарларға зұлымдық жасамайды, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайтындығы айтылады (Энциклопедия, 2012: 90). Мысалы, Р.Ә.Авакова өз еңбегінде «Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып олардың бойында адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына, сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та әкелетініне сенгендігін айтады» (Қошымова, 2022: 204). Ал Қ.Дүсіпбаеваның (2001) еңбегінде жеті санының киелілігі жайында былай дейді. Түркілердің нанымында ғаламдық көрініс бәйтерек ағашы арқылы танылған делінеді. Түркілер «Бәйтеректі тігінен үшке, көлденеңінен төртке бөлген. Ал олардың қосындысы жетіге тең». Бұл түсінік күлтегін ескерткіштерінде көрініс табады. Осындай түсініктерден келіп, жеті санына ерекше мән беріле бастағаны айтылады. Жеті санын арғы атамыздың көшпелі болумен байланыстырады. Өйткені көшпелі халық ертеден жеті қарақшыға қарап, жол тауып отырған. Жеті қарақшыны киелі санағандықтан, жеті саны киелілікті білдіретін болған деген жорамал да жазылған (Дүсіпбаева, 2001: 19).

Сандардың атасы саналатын Пифагор сандарды математикалық тұрғыдан зерттеп қана қоймай, оның дүниедегі орны мен мағынасын ашуға тырысқан. Кейбір сандар алып жүрген мағыналарына қарай «қасиетті» болып саналады деп есептеді. Ал бұл сандар қасиетті саналатын халық шығармаларының ішінде қисса, дастандар, ертегілерде, мақал-мәтелдерде, аңыздар мен ырымдарда байқалады (Bozkurt & Bozkurt, 2012: 718). Құлсариева және әріптестері (2013, 895-903.), мәдени түрде белгіленген сандар біздің өмірімізде үлкен мәнге ие екендігін айтады. Ежелден адамдар олардың сиқырлы күшіне сеніп, соған байланысты ұғымдар жасағандығын және белгілі сан ұғымының қалыптасуына әсер еткен факторлар, ұлттың ұлттық, тарихи болмысын ашатынын айтады. Бұл бізге әрбір мәдениеттегі әлемдік қабылдауды және мәдени ерекшеліктерді түсінуге көмектесетіні анық.

Жалпы алғанда зерттеу мақалада екі халыққа ортақ дәстүр ұқсастығы, түркі ұғымындағы ортақ рухани құндылықтар халықтың тұрмыс-тіршілігімен сабақтастыра талданады. Дәстүр мен мәдениет, фольклор қай уақытта да рухани құндылығымыз болғандықтан түбі бір Түркі дүниесі үшін қазақ және түрік халықтарындағы ортақ байланыстар, дәстүр, фольклор, мәдениет байлынысы өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік халықтарындағы жеті санына байланысты ұғымдардың дәстүр мен фольклорындағы ортақ байланыстарын анықтау, тұжырымдау. Қазақ және түрік халықтарындағы жеті санына байланысты ортақ ерекшеліктерін көрсету, анықтау, зерттеу және сипаттау.

Жеті санымен байланысты зерттеулерді ғалымдар әр тұрғыдан қарастырған. Д.Рысқұлбек, Т.Ермекова, Г.Ескермесова (2020) жеті санына тілдік бірлік ретінде танымдық тұрғыдан талдау жасайды. А.Құлсариева, Е.Сұлтанбаева, Г.Сұлтанбаева, Ж.Жұмашова (2013) зерттеулерінде қазақ және ағылшын тіліндегі алты, жеті сандарының шығу төркініне байланысты ұлттық ұғымдардың шығу төркінін талдаған. Ж.Курманбаева (2020) қазақ тіліндегі сан атауларының мәдени семантикалық және концептілік мағыналарын, сан ұғымдарының мәдени құндылықтарды білдірудегі уәжін анықтай отырып, сандарды лингвомәдени бірлік ретінде қарастырады. Қ.Дүсіпбаеваның (2001) зерттеу жұмысында қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері жөнінде айтылады. М.Қошымова (2022) Түркі халықтарының дүниетанымын зерттеудегі түр-түс және сандық символдар тұрғысынан қарастырды. Л.Төребекқызы (2021) түрік халқындағы жеті санын мәдениет пен әдебиет тұрғысынан қарастырды.

Түрік ғалымы В.Durbilmez (2007) түрік мифологиясы мен халық мәдениеті өнімдеріндегі «үш», «төрт», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандарының мағыналарын, қырым түрік халқындағы мағыналарын анықтауды мақсат етті. Н. Çetin (2021) зерттеу жұмысында Түркия және Қазақстандағы туу, үйлену, өлім салттарын салыстырмалы тұрғыдан қарастырды.

Сөз етілген ғылыми еңбектерде қазақ және түрік халықтарындағы жеті ұғымының дәстүр тұрғысынан салыстырмалы түрде қарастырылуы зерттеу нысанына алынбады. Сондықтан жеті ұғымын дәстүрлік тұрғыдан зерттеу екі ұлттың, ұқсастығын анықтауға, мәдениет, фольклор байланысын саралауға, бағамдауға мүмкіндік береді. Киелі сан ретінде жеті санының дәстүрде көрініс тауып, ұлт пен ұлттың байланысын саралауда, анықтауда өзекті екені анық.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл мақалада бірнеше зерттеу әдістері қолданылды. Теориялық бөлімінде қазақ және түрік ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, ақпараттарды талдау әдісі қолданылды. Сондай-ақ, қазақ және түрік халқындағы дәстүрдегі жеті ұғымының баланың дүниеге келуі мен өлім салтындағы айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылады. Екі халыққа ортақ жеті ұғымына қатысты зерттеу жұмысын жазу барысында талдау, жинақтау, салыстырмалы талдау әдістері арқылы тұжырымдар жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әр халықтың қалыптасқан өз әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Қазақ халқы да салт-дәстүрге бай халық. Қазақ отбасының көптеген салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары шын мәнінде адамгершілік тәрбиесінің жазылмаған заңдарына, еліміздің отбасының өзіндік моральдық кодексіне айналды, себебі оларда жас ұрпақты тәрбиелеудің сан ғасырлық сүзгіден өткен тәжірибесі бар (Калыбекова, 2011: 149). Мысалы, қазақта жаңа туған нәрестені ауыздандырарда жеті жұрттың тілін білсін десе сауысқанның тілімен, күйші болсын десе домбыраның құлағымен, бай болсын десе қойдың құйрығымен ауызданғандығы айтылады (Сейдімбек, 1997: 241). Қазақ халқы баланы туғаннан соң жеті күннен кейін бесікке бөлейді, оның себебі жеті күнде баланың кіндігінің де түсіп, бесікке бөлеуге дайын болатындығы. Сондай-ақ, бесіктің арқалық ағашын жеті жерінен отпен аластап қою салты да кездеседі (Ғабитханұлы, 2006: 114). Бұл отпен аластау дәстүрі барлық зиянды және жағымсыз энергияны қуу немесе өртеп жіберу дегенді білдіреді. Осы жөнінде, салт-дәстүрді зерттеуші Б.Кәмәлашұлы: «Отты қазақтардың сонау ата-бабалары Сақ, Ғұн (Күн), Түркілер қастерлеп келгені тарихтан белгілі. Отпен қарапайым тұрмыста да аластау қазақтарда етек алған. Шошынғанды да отпен аластаса, баланың бесігін «шырпы» жағып, аластайтын дәстүр күні бүгін де бар» – дей келе және отпен аластау дәстүрінің көне көшпенділер мәдениетінен келе жатқандығын айтады (Мырзабеков, 2024: 178-179). Қазақ халқында ұл баланың кіндігін «үй күшік болмасын, далада өскен батыр болсын» деп жеті қырдан асырып лақтырып жіберетіндігі айтылады (Бопайұлы, 2003: 120). Ал, қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деп, от басына ошақтың түбіне көмеді. Бала оқымысты болсын деген ниетпен кітап арасына қоятын да, ат құлағында ойнасын деген тілекпен, аттың жалына байлап қоятын да дағды бар. «Тілегімізді кіндік кескен жерден, кіндік қаны тамған жерден бер» дейтін сөз осындай ырымдардан қалған. (Ғабитов, 2007: 61). Бала қырқынан шыққанша, жеті ай толғанша әлсіз болады. Сондықтан оның бір тал түгін тастауға болмайды, тастаса қорқақ болады деп ырымдайды (Бопайұлы, 2003: 121). Қазақ халқында дүниеге келген сәбиге бесік әкелу, бесікке салу салты бар. Дүниеге келген сәбиге нағашылары бесік әкеледі. Баланы бөлеген бесіктің үстіне жеті түрлі нәрсе жабады. Әр жабылған нәрсенің өзіндік мәні бар. Мәселен, ең бірінші етіп бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон, жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдар жабылады. Тон, шапан жабу – ержеткенде бала халыққа қадірлі болсын деген тілек; жүген, жабу – ат ұстайтын азамат болуын тілеу, кебенек,

қамшы жабу – ел қорғайтын батыр болсын деген тілектен болса керек дейді (Қалиев жб., 1994: 17). Нәрестеге көз, тіл тигенде, ол шошып, ұйқысы қашқанда қолданылатын әр түрлі ырым-жоралғылар да кездеседі. Егер нәресте шошып, ұйықтамаса, тазартылған жеті тас алады да отқа күйдіргеннен кейін сүт (су) құйылған кесеге тастап, оны баланың бас жағында ұстап тұрады. Бұдан соң араластырылған сүт (су) нәрестеге беріліп, көз тиюдің зардаптары жойылады деп санаған. Әр жердің өзіне тән қалыптасқан дәстүрі болады. Мысалы, Үлкен Қаратал ауылында адам мен мал аяғы баспайтын жағадағы таза жерден жеті қара тас жиналған қапшық бесікке немесе баланың киіміне байланса, «тіл тасқа тиіп, балаға тимейтіндігі» айтылады және бесік әрдайым жеті, он бір жерінен қарылатындығы айтылады (Әжіғали, 2005: 44-45). Баласы тоқтамай өле берген немесе түсік тастай берген әйел бір баланы аман-есен туа қалған жағдайда жеті әйелдің аяғының арасынан өткізіп алып, оған Жетпісбай деген ат қояды (Ғабитов, 2007: 63). Онысы ғұмыр-жасы ұзақ болсын, артынан өзіндей ұл мен қыз өрби берсін деп ырымдаған. Қазақтар жеті ұсақ тасты тұмарша етіп матаға тігіп, қамзолдың ішкі жағына көзге түспестей етіп жапсыра тігіп қоятын болған. Оны көбінесе адамға (әсіресе жас балаға) көздің сұғынан, тілдің уынан сақтайды деп таққан. Осындай тұмарлар адам бойына қуат беріп, көңіліне сенім тудырады деп есептеген. Онысы ғұмыр-жасы ұзақ болсын, артынан өзіндей ұл мен қыз өрби берсін деп ырымдаған. Ұл баланы қырқынан шығарарда ерекше болсын деп, тіл-көзден сақтасын деп айдар қойған. Айдарды бала жеті жасқа немесе он үш жасқа келгенше тіл-көздің сұғынан сақтайды деп алғызбаған (Курманбаева, 2020:103). Халықтық наным-сенімге байланысты Ш.Ыбыраев (2009): Өмірде болатын түрлі жағымды-жағымсыз құбылыстардың бәрі де тылсым күштер әрекетінің нәтижесі. Олармен кез-келген адам күресе алмайды. Сондықтан да қарапайым адамдар олардың әсерінен сақтану үшін түрлі шарттарды, қағидаларды орындап отыруы керек. Ондай қағидалардың көбі тыйым (табу) салу түрінде ұшырасады. Тиісті қағидаларды орындамаған, тыйым салынған жағдайды бұзған адам тылсым күштердің киесіне ұшырайтындығын айтады (Ыбыраев, 2009: 88).

Қазақ халқының баланың дүниеге келуімен байланысты жүретін дәстүр мен тыйымдарынан тылсым күш иелерінен сақтану, нәрестені тіл көз-сұқтан сақтау, баланың болашағына алаңдау, ел қатарлы ақылды, батыр, тәлмаш азамат болып қалыптассын деген қазақ халқының адал ниеті жатқандығы анық байқалады.

Түрік халқында да баланың дүниеге келуімен байланысты салт-дәстүр жақсы қалыптасқан және белгілі бір өңірлерде жақсы сақталған. Елдің көптеген жерлерінде дәстүр бойынша туғаннан кейін баланың жетісін сақтайды. Мысалы, Трабзонда жаңа туған нәресте жеті күн бойы құндақта болады. Батманда жас ана туғаннан кейін көршілер жеті күн бойы жас ананың үйін тамақ пен қажеттіліктерімен қамтамасыз етеді. Аданада бала аман болсын деп, туғаннан кейін жеті жыл бойы баланы басқаларға киіндіреді, жеті жыл бойы шашын қымайды немесе жеті жыл бойы бала үшін құрбандық шалады (Üstünova, 2016: 26-35). Ташели өңірінде де жүкті әйел ауыр зат көтермейді, сілкініс тудыруы мүмкін деген жағдайлардан аулақ болады. Жүкті әйелдің баласы түсіп қалмас үшін аты бірдей баласы бар жеті үйден мата бөліктері жиналады, сол бөліктерден киім тігіліп, жүкті әйелге кигізіледі (Çetin, s. 56).

Қазақ және түрік халқындағы салт-дәстүрді зерттеуші Четин зерттеу жұмысында (2021): Түрік еліндегі кейбір аймақтарда ұл баланың жеті күнде, қыз баланың сегіз күнде кіші қырқынан, нәресте жиырма күндік болғанда жартылай қырқынан, қырық күн

толғанда толық қырқынан шығатындығын айтады. Сонымен қатар, зерттеуде Босанған келіншектің мойнына тәспих тағылып, жуынатын судың ішіне алтын, күміс және жеті тас, қырық арпа және бидай салатындығын айтып өткен (Çetin, 2021:156).

Отбасының балалары туғаннан кейін үнемі шетінеп кете берсе, отбасы әртүрлі шешімдер іздейді. Олар жеті рет некеде болған адамның үйінен жеті шүберек жинайды. Бұны бір ғана некеде болған адамға тіктіріп, нәрестеге кигізеді. Анасы мен әкесі балаларына жеті жасына дейін ешнәрсе алмайды. Басқалар баланы жеті жасқа дейін киіндіретіні айтылады (Çetin, 2021:133).

Мұндағы тағы бір ерекшелік, сөйлей алмайтын балаға тордағы бұлбұлдың су ішетін ыдысынан су беріледі. Құрбан айтта жеті көршіден құрбандыққа сойылған еттен бір кесек тілінен алынып, тамақ пісіріп, балаға берілетіні айтылады. Ешкі, қой, сиыр тілі пісіріліп балаға беріледі. Балаға бай адамның наны да беріледі (Kayalı, 2006: 69).

Четин (2021) зерттеуінде, кейбір босану нәтижесінде бала өлімі орын алып жатады. Халық мұндай жағдайға қарсы белгілі бір шараларды қолдануға тырысады. Солардың бірі – «келіннің етек ұштарын тігіп, соңына құлып салып, оны құлыптау». Босанғанға дейін сол құлып ашылмайды. Осы кезеңде келінге ауыр зат көтермеу ескертіледі. Құлыпты құлыптауда символикалық түрде есік ұғымы бар, яғни құлып ашылмаса, есік те ашылмайды. Осылайша, келін жүктілік кезеңін жайлы өткізеді дейді. Сонымен қатар, жеті жас қызға жеті қабат жіп иіртіп, сол иірілген жіптер балаға дұғалармен байланады. Байланған жіптер баланың өмірін сақтайды (Çetin, 2021: 86) деп айтылады.

Ерзинжан және оның айналасында босанған әйелдің көрпесіне ине қадалады; жанына қылыш, ұшына пияз тағылған ұршық, ешқашан қолданылмаған сыпырғыш қойылады. Сондай-ақ босанған әйелдің бас жағына күйеуінің киімі ілінеді, баланың үстіне қызыл түсті нәрсе жабылады. Босанған әйел мен оның баласын жеті күн жалғыз қалдырмайды, шамдар жағып қойылады. Қазақ және түрік халқындағы баланың дүниеге келуімен байланысты дәстүрлерден, наным-сенімдерден өзара ұқсастық байқалады. Екі халықта баланы тіл-көзден сақтау үшін жетіге байланысты шартты орындайды (Çetin, 2021: 532).

Адам дүниеден өткенде жасалатын арнайы салты бар. Қазақ халқында қайтыс болған адамның жетісін өткізеді. Жетісі дәл жеті күннен кейін беріледі. Кейде жетісін қайтқан күні немесе өлген күні деп аталатын күннен дәл жеті күн өткенде береді. Басқа еске алу күндеріне қарағанда бұл күні халық аз болып, негізіненен туысқандары қатысады. Жетісіне арнап бір қой сойып, бұрынғы тағамдар жасалады. Міндетті түрде ритуалды жеті шелпек пісіріледі. Бұл ғұрып аяқталған соң туғандары қайтқан адамның басына (зиратқа) барып қайтады (Әжіғали, 2005: 195). Қазақ тіліндегі жетісін өткізу сөзі, башқұрт тіліндегі зідесін өтқару, татар тіліндегі йетехен утқуру, ұйғыр тіліндегі йәтисини өткәзмәк фраземалары «өлген кісінің артын күту» мағынасында қолданылады (Кеңесбаев, 1977а: 75).

Қайтыс болған адамның жетісін шығарып, еске алады. Бұл түркі халықтарына тән дәстүр болып табылады. Бұл салтпен қатар, қайтыс болған адамды суға алған жеріне, сүйекті шығарған күннен бастап, әр күні кешке жеті шырақ (мақтадан шиге орап майға шылап тұтатандыратын) жағылады. Бұл жеті күнге жалғасатындығы айтылады.

Түрік халқында да осыған ұқсас салт сақталған. Қайтыс болған кісінің үйінде үш немесе жеті күн арасында тамақ жасалмайды, көршілер дайындап әкеледі. Кісі қайтқаннан кейін жеті күн бойы құран оқылады. Кей жерлерде марқұм қайтыс болғаннан кейін жеті күн ас беріледі (Üstünova, 2016: 26-35).

Өлімге қатысты әдет-ғұрыптар мен наным сенімдер адамзат қоғамында негізгі рөл атқарады. Бұл рәсімдер қазақ және түрік мәдениеті үшін ұлттық құндылықтарды сақтауда ерекше мәнге ие. Қазақ және түрік қоғамында сақталған өлім ғұрыптары мен салттары мәдениеттің ортақ тұстарын, дәстүрдің байланысын көрсетеді.

«Жеті шелпек тарқату» қазақ халқының дәстүрінде бар. Үлкендер бір нәрседен қауіп қылса, үрейленсе, болмаса жайсыз жатып, жаман түс көрсе, жеті нан, жеті шелпек таратады. Алушы: «Қабыл болсын», - дейді. Таратушы: «Әумин!» - деп жауап береді. Оны таратып болған соң: «Ата-балаларға тие берсін», - деп ауыз тиіп, әруақтарға арнап, аят оқып, бата қылады. Сонда әруақтардың мұрнына иіс тиеді. Сосын жеті нан әрқашанда әруақ болып, желеп-жебеп, бәле-жаладан қорғап жүреді, - дейді (Кеңесбаев, 1997: 18). Бұл «Жеті шелпек тарқату» қауіп-қатердің алдын алу, наным-сенімнен пайда болған дәстүр екендігі анық. Сонымен қатар, баласыз әйелдер немесе әлсіз ер адамдар балалы болу үшін әулиелердің қабірлеріне барып, сол жерде түнеп, Алладан бала тілейді. Сол жерге барып Құран оқып, «жеті шелпек» асы тарқатылады. Бұл амалдардың барлығы, әрине, сенім болып табылады (Çetin, 2021: 140). Сонымен қатар, дүниеден өткен жақындарының құрметіне дұға оқып, құран бағыштап, «жеті шелпек» тарқату салты да бар. «Жеті шелпек» тарқату салтының шығуына мифологиялық сенімнің ықпалы болуы ықтимал. Қазақ халқына ұқсас, түрік елінің Торос (Тавр) тауларында, Чукуровада, Шығыс Анадолы аймағындағы қайтыс болған кісі үшін чөрек (тұзды бәліш) таратылатындығы айтылады (Üstünova, 2016: 26-35).

Қазақтардың және олардың бабалары түркілердің түсініктері бойынша, әрбір жыл 6 ай жаз, 6 ай қыс деп бөлінеді. Бұл бөлудің шекарасы Жаңа жылдың бірінші күні – Наурыз, көктемгі күн теңелуі. Жаз айлары жағымды бейнеде, ал қыс айлары – жағымсыз бейнеде көрінеді, соған сәйкес олар ізгілік пен зұлымдықтың белгісі. Символдық тұрғыда Наурыз зұлымдықты жеңудің бірінші күні іспетті (Калыбекова, 2011: 381). Наурыз көже – Ұлыстың Ұлы күні дайындалатын тағам. Қазақ халқының түсінігінде жеті қасиетті сан болғандықтан, наурыз көжеге жеті түрлі дәндер (сүрленген ет, кеспе, түйілген бидай, түйілген жүгері, күріш не тары, қатық т.б) қосып дайындайды. Көктем келгенде, қыстан аман шықтық, отбасымызда береке мен молшылық болсын деген ниеттен «науыз көже» тағамын дайындау шыққандығы айқын. Үйде қандай дән, ағарған болса, соны қосып әзірлей береді. Бұл туралы С.Әжіғали (2005) «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты еңбегінде былай дейді: Ертеректе Наурыз мейрамында ауылдың тайқазанына әр үй өзінің «жеті түрлі тағам қосып пісіріп әкелген көжелерін» құятын, сонда 30-50 тамақ қоспасынан жасалған «наурыз көже» немесе «көп көже» болып шығады. Бұл аспаздық жұмыстың бәрін елге қадірлі, ауылға белгілі әйел – бәйбіше басқарады. Қазанды иесіне қайтарғанда әбден жуып, түбіне міндетті түрде піскен тамақ (бауырсақ, тоқаш, ет) салып, құлағына ақтық байлап қайтарады, өйтпесе «қазан өкпелейді», «қазан шамданады» деп ырым қылады (Әжіғали, 2005: 16) дейді. Ежелгі наурыз тойының символға толы ең бір шешуші сәті – өгіз сойып, қазан көтеру. Жеті қазынаның бірі – қарақазанның халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде атқарған қызметі ерекше. Осы орайда, Ә.Х.Марғұлан: «Қазан мықты болса ел де мықты. Қазан, шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды» - деп жазады (Төлегенов, 2018: 262). Мұсылман түріктер арасында маңызды орын алатын Мұхаррам айының оныншы күні басталып, дайындалып таралатын тәттіні ашуре деп аталады. Ашуренің ішіне қосылатын ингредиенттер дайындалған аймаққа байланысты әртүрлілік

танытса да, негізгі ингредиенті бидай болып табылады. Қонақтайтын жерде немесе үйлерде дайындалған ашуре көрші-көлемдерге таратылады. Тунжелиде (Тунджели аймағындағы) алавилерінде ашуре табақтың берекетінің кетпеуі үшін жуылмайды; ішіне бидай немесе бидайдан жасалған тағам қосылып, қайтарылып беріледі (Yıldırım, 2011: 75). Қазақ және түрік халқындағы дайындалатын наурыз көже мен ашурені дайындаудағы негізгі мақсаты ақ ниетпен жасалатындығы, бай және кедей демей ортақ таратылуы, молшылық әкелсін деген ниетпен жасалатындығы. Бұл екі халықтың мәдениеті мен дәстүрінің ұқсастығын айқындайды.

Сандардың ең көп қолданылатын өнімдерінің бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер өз алдына мәдениеттің көрсеткіштері болуымен қатар, өз ішінде кездесетін басқа сөздер арқылы да терең мәдениеттің әртүрлі қырларын қамтиды. Осыған байланысты мақал-мәтелдерде кездесетін әрбір сан атауы эмоциялық мәнге, мағыналық аяға және мәдени мотив қасиетіне ие болып келеді. Түрік мифологиясында және бүгінгі күнге дейін жеткен халық мәдениеті туындыларында сандарға әртүрлі мағыналар берілгені байқалады. Сандар өз алдына киелі саналмайды; олар білдіретін заттар арқылы, ой салатын ұғымдар арқылы және қамтыған элементтерімен құнды болады (Durbilmez, 2009: 71). Қазақ халқында жеті санына қатысты мақал-мәтелдер бар. Жетіге келгенше, жерден таяқ жейсің. Жігітке жеті өнерде аз. Айла алтау, ақыл жетеу. Жетімге жеті бидайда тамақ. Кедейдің жеті қаңтары бар. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Жеті қазынаға жеткенше асық. Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл, Құлағы мен жағын жер. Жеті әліп – жерге түспейді, жерге түссе де, ерге түспейді. Жетелі мен іскерге жеті күннің бәрі сәтті. Жеті қарақшыны таныған, жеті күнде адаспас. Жеті атасын білмеген, жетімдіктің белгісі. Қарғыс жеті атаға жетеді. Жеті кедей жиналғанмен ортасынан бір бай шықпас. Жетім бала жеті күлшеге тоймас. Жетімнің қарны жетеу. Жұт жеті ағайынды, жиенім сегіз. Жақсыны жеті жыл жетелесең, адам болады, Жаманды жеті жыл жетелесең надан болады. Туғанда алтау едік, өле-өле жетеуміз. Қыстың соңы жеті тоғыс, көктем басы бес тоғыс. Алты аға бірігіп әке болмас, жеті жеңге бірігіп ана болмас. Алты жастан жинасам асырам, жеті жастан жинасам жеткізем. Алтаумын деме, жетеуге жолығасың, Жетеумін деме, сегізге жолығасың. Түрік халқында да жетіге қатысты мақал-мәтелдер бар. Жаман көрші жеті көршіге зиян тигізеді. Бір жаман адамның жеті ауылға зияны болады. Кедей жеті ауылдың мәселесімен айналысады. Жетісінде не болса, жетпісінде де сол болады. Жеті қадам жолда, бір жұтым судың құны бар. Ат жеті күнде, ит жеген күні ұмытады. Ақымақ жеті, сегіз адымды (жеті сағатта) жүреді. (Hırlık, 2017: 231-233)

Жеті ұғымы қазақтың фольклорында ертегілер мен аңыздарда кезігеді. Ондағы кейіпкерлер зұлым күш иелері: жеті басты дәу, жеті басты айдаһар, жеті басты жылан, жеті басты жалмауыз, жеті қабат жер асты, жеті қабат жер үсті, жеті сарай, жеті ағайынды жігіт, жеті қыз, жеті күн, жеті түн секілді мифологиялық кейіпкерлер ретінде көрініс табады. Жеті қабат жер асты сөзі «Төлеген батыр» ертегісінде кездеседі. Мұнда Төлеген батыр бір күні ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде Айсұлу деген қыз аян беріп: «мен сенің досың Айсұлумын. жеті қабат жер астында тұрамын. Мені іздеп кел», - дейді (Сейітжанұлы & Бисенбаев, 2008: 22). Жеті қабат жер астына баруға ерлердің ері ғана келіседі. Сондықтан мұндай қиын тапсырмалар ертегілерде ғана орын алады. Ал «Қобыланды батыр» жырында «жеті» саны бірде «жеті пір», «жеті жұмақ» тіркестері түрінде жиырмадан артық рет қайталанғандығын айтады (Рақманқұл, 2017: 109).

Жалпы қазақ менталитетінде жеті саны жақсылық пен жақсы мінез-құлық үшін ғана емес, жаудың күші мен ұлылығын көрсету үшін де қолданылады. Айдаһар - жер асты әлемінің зор күшке ие зұлым тұлғасы. Мұнда жеті саны айдаһардың ерекше күші мен айбатын көрсету үшін қолданылған. Өрттің ғаламның жаратылуындағы төрт элементтің бірі, аузынан шыққан от арқылы жойып жіберетін ерекше күш иесі екені шеберлікпен көрсетіледі. Айдаһардың жеті басты болуы, аузынан от шығаруы да осы оймен байланысты болса керек (Aimukhambet vd., 2022: 196). Қазақ аңыздары мен ертегілерінде кездесетін архетиптік образдардың ішінде мыстан кемпір ерекше орын алады. Бұл кейіпкер матриархат дәуірінен қалған символикалық бейне ретінде, сәбиді түрлі қиыншылықтардан өткізетін жағымсыз тұлға болып көрініс табады. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бұл пікірді растайды. Мыстанның шығу тегі жайлы сұраққа академик С.А.Қасқабасов (1972) «Казахская волшебная сказка» атты еңбегінде: «Мыстан ерте заманда матриархат кезеңінде айналасына билік жүргізген ақылды әйел бейнесінің өзгерген түрі» дейді. Ол сондай-ақ, «Ежелгі мыстан бейнесі үлкен өзгерістерге ұшыраған» деп жазады (Қасқабасов, 1972: 163). Жалмауыз кемпір бейнесі туралы көптеген еңбектер бар. Мысалы (Қоңыратбай, 2000: 173): Ш.Уәлиханов жалмауыз кемпірдің адамды жеп қоя алатыны туралы жазған. Ал, М.Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде ежелгі грек мифтеріндегі циклоптарға ұқсас жеті басты тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Ол бұл зұлым кемпірді орыс ертегілеріндегі Баба Ягаға ұқсатып, адамның бейімділіктеріне ие деп көрсетеді. Ал, Ә.Қоңыратбаев «Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде адамға жамандық ойлайтын мифтік образдардың бірі – жалмауыз кемпір» - деп, бұл бейненің тарихи өзгерістерге ұшырағанын және пайда болу уақытын көрсетеді. Халық арасынан шыққан батырдың аждаһамен шайқасуы ертегілерде жиі кездесетін көрініс болып табылады. Ол жөнінде Кеңесбаев (1987): «Жеті санының ой-санадан мықтап орын алғаны сондай, бір нәрсені шығаннан шыққан күш деп білсе, адам түңілерліктей етіп, жеті санын қосып, қазақ ат қойып, айдар тағып алады; жалмауыздың, айдаһардың ең зорын қазақ жеті басты жалмауыз, жеті басты айдаһар (жеті басты аждаһа) дейді», - деп тұжырымдайды (Кеңесбаев, 1987: 244).

Түрік халқының ертегілерінде де «жеті басты айдаһар», «жеті күн, жеті түн той жасау», «шашы жетінші қабаттан жерге жететін қыз», «жеті күндік ұйқы», «жеті жылдық салық», «жетінші «бөлме», «жеті ағайынды», «жеті жол айрығы», «жеті қабат қабырға», «жеті жыл тынығу» сияқты жетіге қатысты мысалдар кездеседі. (Durbilmez, 2007: 184) Түрік халқының «Деде Коркут» хикаяларында Бамсы Бейректің жеті әпкесі бар екені айтылады. Бейрек, ақырында, осы адал әпкелерін қырық жігіттен ішінен жетеуін таңдап үйлендіреді. Дастанда жеті санына қатысты «Хеман дем күмбед жырылды, жеті жерден қақпа ашылды» (Özçelik, 2016: 465) деген жолдар кездеседі, «Бейрек дағы жеті қыз қарындасын жеті батырға берді» (Özçelik, 2016: 249) , «Жеті күн жеті түн тойын жасап, ішіп-жеді» (Özçelik, 2016: 587), «Жеті қабатқа бардым, ол қамалды ала алмадым, қайта қайттым» (Özçelik, 2016: 421) деген сияқты қолданулар бар. «Деде Коркут» хикаясында Дирсе Ханның әйелі баласының жарасын емдеу үшін Қыдыр Бабаның айтқан нәрселерін тыңдап, жеті түрлі өсімдіктен дәрі жасайды. Оғыз батырларының бірі Карагөме ұзын мұрттарын жеті жерден байлайды. Салур Қазан жеті күндік тамақ алып, жолға шығады, қайтадан оралу үшін жеті күн, жеті түн жол жүреді. Салур Қазанның алдынан шыққан аждаһа жеті басты болады, кәпір қыз да жеті жасында болатындығы (Riskulbek, Yermekova, ve Yeskermesova, 2020: 142-157) хикаяда айтылады.

Қазақтың ертегі-аңыздарында жеті символының жеті басты дәу, жеті басты айдаһар, жеті басты жылан, жеті басты жалмауыз, жеті қабат жер асты, жеті қабат жер үсті, жеті сарай, жеті ағайынды жігіт, жеті қыз, жеті күн, жеті түн ретінде көрініс табуы жеті санының тек жақсылық мағынасымен қатар, мифтік тылсым әлемдегі ұлы күшке ие кейіпкер ретінде көрініс тапқандығының бір дәлелі болып табылады. Жеті санының символ ретінде мән-маңызын ашуда М.Қошымова (2022): «Символ қандай да бар халықтың мәдени, рухани, мифологиялық жадын сақтап жеткізуші рөлдегі семиотика болып саналады. Кез келген халықтың әлем туралы, өздерінің пайда болуы жайында, қорқыныш пен қуаныш белгілері ретінде ертедегі түсініктердің басым бөлігі мифологиялық ескерткіштерде көрініс беріп, сақталып жеткізілді. Сондықтан да миф ақпарат тасымалдаушы құрал ретінде саналатыны анық» (Қошымова, 2022: 103) деген болатын.

Қорытынды

Қазақ және түрік халқының түбі бір болғандықтан ұқсас тұстары өте көп. Жоғарыдағы мысалдардан көргеніміздей, қазақ және түрік халқының дәстүріндегі жеті ұғымы екі дәстүрдің мәдени құндылықтарының жемісі екені анық.

Бұл талдау қатар қазақ және түрік халықтарының дәстүрі мен мәдениеті, фольклорының байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен, жеті ұғымының дәстүр мен мәдениет, фольклор арқылы балаға жастайынан қазақ халқының үйрететін әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін тәрбиенің жазылмаған заңдарын зерделедік десек те болады. Бұл тәрбиенің түрік халқында да баланың дүниеге келу сәтінен бастау алатынын байқадық. Жеті санының адам өміріндегі ұлттық құндылығымызды сақтауға деген үлесі, жеті санының дәстүр мен мәдениетте, фольклорда маңызға ие екендігін екі халықтың дәстүрінде ортақ байланыстардың бар екендігін салыстырып қарастырдық. Мақаладағы жеті санына байланысты қазақ халқының және түрік халқының салты мен дәстүрімен таныса келе, қазақ халқында жеті санын молшылық пен береке алып келетін сан ретінде санағанын байқаймыз, сонымен қатар, түрік халқында – көз тиюден баланы сақтау мағынасында қолданылатындығын байқаймыз. Келтірілген мысалдар арқылы жеті сәттіліктің символы, ата-бабаларымыздың қалыптастырған жеті қасиетті ұғымы екенін аңғарамыз. Бұл қасиетті санның дүниетанымымыз бен салт-дәстүрімізде, мәдени танымымызда ерекше сипатқа ие екенін ұғынамыз. Бауырлас екі халық үшін де жеті санына қатысты дәстүр мен салт, мәдениетті, ұлттық құндылығымызды насихаттаудың алар орны ерекше. Қорыта айтқанда, жеті ұғымы қазақ және түрік халқы үшін де мәдениет пен дәстүрді байыта отырып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан маңызға ие символ болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Aimukhambet, Zh., Kassen, A., Kurmambayeva, K. (2022) “Kazak Folklorunda Yedi Başlı Ejderha”, Milli Folklor, 7, 132, ss.192-204.
2. Әжіғали, С. (2005) Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, б. 328.
3. Әбжет, Б. (2020) «Түрік қағанаты тұсындағы діни ағымдар: буддалық ілім мен шамандық сенімдерден туған жыл қайыру, жеті қазына ұғымдарының халық әдебиетіндегі көрінісі», Түркология, 4, (102), бб. 78-90.

4. Бопайұлы, Б. (2003) Қазақ кәдесі (Асыл қазына). Алматы: Бастау, б. 192.
5. Bozkurt, K. Bozkurt, H. (2012) "Sayıların Gizemli Dünyası: Kültür ve Edebiyatta Sayı Sembolizmi", Batman Üniversitesi Yaşam Bilimleri Dergisi, 1, ss. 717-728.
6. Ғабитханұлы, Қ. (2006) Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. Алматы: Арыс, б. 168.
7. Ғабитов, Т.Х. (2007) Қазақ этикасы және эстетикасы. 12-том. Астана: Аударма, б. 455.
8. Durbilmez, B. (2009) "Türk Kültüründe ve Fütüvvet-Nâmelerinde Dört Sayısı", Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi, 52, ss.71-86.
9. Durbilmez, B. (2007) "Kırım Türk Halk Anlatılarında Sayı Simgesiliği", Milli Folklor, 76, ss.177-190.
10. Дүсіпбаева, Қ.С. (2001) Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, б. 129.
11. Yıldırım, E. (2011) "Tunceli Yöresi Alevilerinde Muharrem Ayı'nın Önemi ve Aşure Geleneği", Fırat Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, XVI(I), ss. 71-84.
12. Курманбаева, Ж. (2020) Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі: PhD философия докторы дәрежесін алу дайындалған диссертация. Алматы, б. 163.
13. Кеңесбаев, І. (1977) Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. Алматы, б. 352.
14. Кеңесбаев, І. (1987) Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. Алматы: Ғылым, б. 352.
15. Кеңесбаев, І. (1997) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі: 2-томдық. Алматы: Ғылым, б. 712.
16. Kayalı, N. (2010) Mersin Halk Kültüründe Geçiş Dönemleri, Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Mersin Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Mersin, s.242.
17. Küçük, A. "Erzincan ve Çevresindeki Halk İnanışlarına Toplu Bakış", Milletlerarası Türk Folkloru Kongresi Bildirileri // C. IV, Ankara: Başbakanlık Basımevi, 1987. ss.241-245.
18. Kulsariyeva, A., Sultanbaeva, G., Sultanbaeva, E., Zhumashova, Zh. (2013) "Features of Translation of Kazakh and English Set Expressions and Idioms with Numerative Seven", Procedia - Social and Behavioral Sciences, 82, pp. 895-903.
19. Қалыбекова, А. (2011) Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. Алматы: БАУР, б. 488.
20. Каскабасов, С. (1972) Казахская волшебная сказка. Алматы, с. 258.
21. Қалиев, С., Оразаев, М., Смайылова, М. (1994) Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан, б. 222.
22. Қоңыратбай, Т. (2000) Эпос және этнос: Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Монография. Алматы: Ғылым, б. 268.
23. Қошымова, М. (2022) «Түркі халықтарының дүниетанымын зерттеудегі түр-түс және сандық символдар», Journal of history, 3 (106), бб. 202-207.
24. Меленко, С. (2012) «Философские и государственно-правовые взгляды Пифагора Самосского» материалы X международной научно-практической конференции. Новосибирск: СибАК, стр. 204-2011.
25. Мырзабеков, Ж. (2024) «Зорастримдік сенім элементтерінің бүгінгі күнгі халқымыздың салт-дәстүріндегі көріністері», Адам әлемі, 3 (101), бб. 173-183.
26. Törebekkyzy, L. (2021) "Türk halk kültüründe ve Edebiyatında Yedi Sayısı", Tarih Kültür ve Sanat Araştırmaları Dergisi, Bartın, 8, 1, ss. 82-91.
27. Рақманқұл, Б. (2017) Он томдық шығармалар жинағы, 1 том: Эпос-ел қазынасы. Алматы: ЗПБК Дәуір, б. 320.
28. Riskulbek, D., Yermekova, T., Yeskermesova, G. (2020) "Yedi Sayısının Tanımı", Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2, ss.142-157.
29. Сейітжанұлы, З.Н., Бисенбаев, П.Қ. (2008) Қазақтың көне эпосы. Алматы: Аруна, б. 240.
30. Сейдімбек, А. (1997) Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. Алматы: Санат, б. 464.

31. Төлегенов, А. (2018) «Наурыз – Ел ұлықтаған күн», атты ғылыми республикалық конференция материалдары. Астана, бб. 260-263.
32. Tekin, T. (2014) “Orhon Yazıtları”, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
33. Ұлттық болмыс (2012) – қазақы қалып: Әдістемелік құрал. Астана: Шиқула және К, б. 40.
34. Üstünova, K. (2016) “Geleneklerin Dilinde Yolculuk: Yedi Sayısının Kullanımı”, XXI. Uluslararası Türk Kültürü Sempozyumu” (06-10. 05. 2016 Üsküp-Makedonya) Bildiriler ve Katalog, Ankara, ss. 26-35.
35. Hirik, E. (2017) “Türk Dünyası Atasözlerinde Sayılar ve Anlam Alanları”, International Journal of Languages’ Education and Teaching, 5, 1, ss. 223-241.
36. Çetin, H. (2021) Türkiye ve Kazakistan’da Geçiş Dönemlerinin (Doğum-Evlenme-Ölüm) Karşılaştırmalı İncelemesi. Doktora Tezi, Hacettepe Üniversitesi. Ankara, s. 532.
37. Ыбыраев, Ш. (2009) Бастау. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер. Алматы: Баспалар үйі, б. 160.
38. Энциклопедия (2012). Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3-том. Алматы: РПК Слон, б. 736.

Б.Б. Ертаева

Университет А. Ясауи, Туркестан, Қазақстан

(E-mail: bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz)

Традиционный характер понятия «семь» у казахского и турецкого народов

Аннотация. У каждого народа свои священные числа. Число «семь» тесно связано традициями и культурой казахского и турецкого народов. И казахский, и турецкий народы считают число семь священным и используют его в своей повседневной жизни и традициях. Сакральное значение этого числа имеет глубокие корни. Издавна считалось, что каждое число имеет тайное значение, при этом некоторые числа приносят человеку удачу, а некоторые – наоборот, неудачу. Как среди казахских, так и среди турецких ученых имеются исследования, посвященные числу «семь». На основании работ этих ученых были рассмотрены особенности, характерные для двух народов. В статье сравнивается сакральное отношение к числу «семь» у казахского и турецкого народов с точки зрения его применения в традициях, культуре и фольклоре. Также отмечается, что совпадение значений числа «семь» в традициях обоих народов – не случайность, а связано с их культурой, обычаями и сходством фольклорных персонажей. Кроме того, проанализированы и сопоставлены сходства, особенности, а также учебно-воспитательное значение понятия числа «семь» в традициях, культуре, фольклоре казахского и турецкого народов. В статье подробно раскрывается, что представление о числе «семь» возникло как понятие, связанное с народными запретами, верованиями и стремлением защитить человека или ребенка от внешних сил. В этом исследовании были взяты за основу работы казахских и турецких ученых, посвященные числу «семь», и рассмотрены особенности двух народов в их сказаниях, культуре, традициях и мировоззрении. Особенность статьи заключается в том, что число семь находит отражение в национальных традициях и культуре казахского и турецкого народов, в их обрядах, связанных с рождением человека и уходом в иной мир, а также в многочисленных обычаях, поверьях и мифологическом фольклоре. Очевидно, что традиции, культура и фольклор во все времена являлись духовными ценностями, и поэтому общие связи, традиции, фольклор и культура казахского и турецкого народов в контексте единого тюркского мира остаются одной из актуальных тем.

Ключевые слова: семь, традиции, воспитание, верования, обычаи, фольклор, культура, табу, ребенок, нация.

B.B. Yertayeva

*A. Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan
(E-mail: bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz)*

The traditional character of the seven concepts in the Kazakh and Turkish peoples

Abstract. Every nation has its own sacred numbers. The number seven is shrouded in the traditions and culture of the Kazakh and Turkish people. Both the Kazakh people and the Turkish people consider the number seven to be a sacred concept and use it in their daily lives and traditions. Belief in this number appeared not so long ago. It has long been believed that every number has secret meanings. Based on this, it was believed that some numbers bring a person good luck, and some-bad luck. In accordance with this, in connection with the number seven, there are studies by both Kazakh and Turkish scientists. Based on the work of these scientists, the features characteristic of the two peoples were considered. This article compares the seven numbers of the Kazakh and Turkish peoples in terms of their use in traditions and culture, folklore. The customs and traditions of both nations indicate that the meeting of the number seven does not happen by chance, but by culture and traditions, by the similarity of folklore characters. The similarities, peculiarities, and educational significance of the seven concepts in the traditions, culture, and folklore of the Kazakh and Turkish peoples will also be analyzed and compared. The article broadly states that the seven concepts are a people's forbidding, a belief, a concept born from protecting a person, a child, from the possessors of an external force. This research paper is based on previous works by Kazakh and Turkish scientists concerning the number seven, and examines the features of fairy-tale legends, culture, customs, and worldviews of both peoples. The peculiarity of the article is that the number seven is reflected in the national traditions and culture of the Kazakh and Turkish people, in the rituals of the two peoples, in many rituals and superstitions performed on the occasion of the birth and death of mankind, and in mythical folklore. Traditions and culture, folklore have always been our spiritual value; therefore, for the Turkic world, one of the relevant topics is the common ties between the Kazakh and Turkish peoples, the wealth in traditions, folklore and culture.

Keywords: seven, traditions, raising, beliefs, customs, folklore, culture, forbidding, child, nation.

References

1. Aimukhambet, Zh., Kassen, A., Kurmambayeva, K. (2022) "Kazak Folklorunda Yedi Başlı Ejderha", *Milli Folklor*, 7, 132, ss.192-204. [in Turkish]
2. Azhigali, S. (2005) *Kazak halkynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom: birtutastygy zhane ereksheligi*. Almaty: Arys, b. 328. [in Kazakh]
3. Abzhet, B. (2020) «Turik kaganaty tusyndagy dini agymdar: buddalyk ilim men shamandyk senimderden tugan zhyl kajyru, zheti kazyna ugymdarynyn halyk adebietindegi korinisi», *Turkologija*, 4, (102), bb. 78-90. [in Kazakh]
4. Bopajuly, B. (2003) *Kazak kadesi (Asyl kazyna)*. Almaty: Bastau, b. 192. [in Kazakh]
5. Bozkurt, K. Bozkurt, H. (2012) "Sayıların Gizemli Dünyası: Kültür ve Edebiyatta Sayı Sembolizmi", *Batman Üniversitesi Yaşam Bilimleri Dergisi*, 1, ss. 717-728. [in Turkish]
6. Gabithanuly, K. (2006) *Kazak mifologijasynyn tildik korinisi*. Almaty: Arys, b. 168. [in Kazakh]
7. Gabitov, T.H. (2007) *Kazak jetikasy zhane jestetikasy. 12-tom*. Astana: Audarma, b. 455. [in Kazakh]
8. Durbilmez, B. (2009) "Türk Kültüründe ve Fütüvvet-Nâmelerde Dört Sayısı", *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi*, 52, ss.71-86. [in Turkish]
9. Durbilmez, B. (2007) "Kırım Türk Halk Anlatılarında Sayı Simgeciliği", *Milli Folklor*, 76, ss.177-190. [in Turkish]
10. Dusipbaeva, K.S. (2001) *Kazak eskilikterinin sandar zhujesindegi tildik korinisteri: filologija gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya*. Almaty, b. 129.

11. Yıldırım, E. (2011) “Tunceli Yöresi Alevilerinde Muharrem Ayı'nın Önemi ve Aşure Geleneği”, Fırat Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, XVI(I), ss. 71–84. [in Turkish]
12. Kurmanbaeva, Zh. (2020) Kazak tilindegi san ataularynyñ lingvomadeniettanymdyk negizi: PhD filosofija doktory darezhesin alu dajyndalğan dissertaciya. Almaty, b. 163. [in Kazakh]
13. Kenesbaev, I. (1977) Kazak til bilimi turaly zertteuler. Almaty, b. 352. [in Kazakh]
14. Kenesbaev, I. (1987) Kazak til bilimi turaly zertteuler. Almaty: Gylym, b. 352. [in Kazakh]
15. Kenesbaev, I. (1997) Kazak tilinin frazeologijalyk sozdigi: 2-tomdyk. Almaty: Gylym, b. 712. [in Kazakh]
16. Kayalı, N. (2010) Mersin Halk Kültüründe Geçiş Dönemleri, Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Mersin Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Mersin, s.242. [in Turkish]
17. Küçük, A. “Erzincan ve Çevresindeki Halk İnanışlarına Toplu Bakış”, Milletlerarası Türk Folkloru Kongresi Bildirileri // C. IV, Ankara: Başbakanlık Basımevi, 1987. ss.241-245. [in Turkish]
18. Kulsariyeva, A., Sultanbaeva, G., Sultanbaeva, E., Zhumashova, Zh. (2013) “Features of Translation of Kazakh and English Set Expressions and Idioms with Numerative Seven”, Procedia - Social and Behavioral Sciences, 82, pp. 895-903. [in Turkish]
19. Kalybekova, A. (2011) Kazak halyk tarbiesinin asyl murasy. Almaty: BAUR, b. 488. [in Kazakh]
20. Kaskabasov, S. (1972) Kazahskaja volshebnaja skazka. Almaty, s. 258. [in Russian]
21. Kaliev, S., Orazayev, M., Smajylova, M. (1994) Kazak halkynyn salt-dasturleri. Almaty: Rauan, b. 222. [in Kazakh]
22. Konyratbaj, T. (2000) Jepos zhane jetnos: Kazak jeposy zhane onyn jetnikalyk sipaty. Monografija. Almaty: Gylym, b. 268. [in Kazakh]
23. Koshymova, M. (2022) «Turki halyktarynyn dunietyanymyn zertteudegi tur-tus zhane sandyk simvoldar», Journal of history, 3 (106), bb. 202-207. [in Kazakh]
24. Melenko, S. (2012) «Filosofskie i gosudarstvenno-pravovye vzgljady Pifagora Samosskogo» materialy X mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Novosibirsk: SibAK, str. 204-2011. [in Russian]
25. Myrzabekov, Zh. (2024) «Zorastrizmdik senim jelementterinin bugingi kungi halkymyzdyn salt-dastyrindegi korinisteri», Adam alemi, 3 (101), bb. 173-183. [in Kazakh]
26. Törebekkyzy, L. (2021) “Türk halk kültüründe ve Edebiyatında Yedi Sayısı”, Tarih Kültür ve Sanat Araştırmaları Dergisi, Bartın, 8, 1, ss. 82-91. [in Turkish]
27. Rakmankul, B. (2017) On tomdyk shygarmalar zhinagy, 1 tom: Jepos-el kazynasy. Almaty: ZPBK Dauir, b. 320. [in Kazakh]
28. Rıskulbek, D., Yermekova, T., Yeskermesova, G. (2020) “Yedi Sayısının Tanımı”, Dünya Yörük-Türkmen Araştırmaları Dergisi, 2, ss.142-157. [in Turkish]
29. Sejitzhanuly, Z.N., Bisenbaev, P.K. (2008) Kazaktyn kone jeposy. Almaty: Aruna, b. 240. [in Kazakh]
30. Sejdimbek, A. (1997) Kazak alemi. Jetnomadeni pajymdau. Oku kuraly. Almaty: Sanat, b. 464. [in Kazakh]
31. Tolegenov, A. (2018) «Nauryz – El ulyktagan kun», atty gylymi respublikalyk konferenciya materialdary. Astana, bb. 260-263. [in Kazakh]
32. Tekin, T. (2014) “Orhon Yazıtları”, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. [in Turkish]
33. Ulttyk bolmys (2012) – kazaky kalyp: Adistemelik kural. Astana: Shikula zhane K, b. 40. [in Kazakh]
34. Üstünova, K. (2016) “Geleneklerin Dilinde Yolculuk: Yedi Sayısının Kullanımı”, XXI. Uluslararası Türk Kültürü Sempozyumu” (06-10. 05. 2016 Üsküp-Makedonya) Bildiriler ve Katalog, Ankara, ss. 26-35. [in Turkish]
35. Hirik, E. (2017) “Türk Dünyası Atasözlerinde Sayılar ve Anlam Alanları”, International Journal of Languages' Education and Teaching, 5, 1, ss. 223-241. [in Turkish]
36. Çetin, H. (2021) Türkiye ve Kazakistan'da Geçiş Dönemlerinin (Doğum-Evlenme-Ölüm) Karşılaştırmalı İncelemesi. Doktora Tezi, Hacettepe Üniversitesi. Ankara, s. 532. [in Turkish]
37. Ybyraev, Sh. (2009) Bastau. Kazak halkynyn fol'klory turaly zertteuler. Almaty: Baspalar uji, b. 160. [in Kazakh]

38. Jenciklopedija (2012). Kazaktyn jetnografijalyk kategorijalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhyjesi. 3-tom. Almaty: RPK Slon, b. 736. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Ертаева Б.Б. – филология магистрі, Түркология ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, А. Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан.

Ертаева Б.Б. – магистр филологии, старший научный сотрудник Научно-исследовательского института Тюркологии, Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан.

Yertayeva B.B. – Master of Philology, Senior Researcher, Research Institute of Turkology, A.Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).